

**8D07101 «Машина жасау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Топса қосылыстарының өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету негізінде
бұрылмалы конвейердің конструкциясын зерттеу және әзірлеу»
тақырыбындағы Асмагамбет Диана Кенжебайқызының докторлық
диссертациясына ғылыми көзесшіден**

ПІКІР

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында машина жасауды дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламасының (2020-2025) аясында және ҚР БФМ «Кенжарлық қазу және қысық сзызықты қазба жүйелеріне арналған қазба топырагының жазықтығында 90 градус бұрышқа дейін жүк ағынын бұратын конвейердің жаңа бұрылмалы түйінінің конструкциясын әзірлеу, дайындау және сыйнау» грантын дайындау және орындау кезінде орындалған. Қазақстанда идеалды тау-кен-геологиялық жағдайларда орналасқан көмір қоры таусылуда. Бұрылмалы қыргыш конвейерлерді қолдану бұл мәселені шешеді және пайдалы қазбалардың тендерінен тыс қорларын игеруге жұмылдырылады. Қыргыш конвейердің жақтауын 90 градусқа бұру жаңа кинематикалық байланыстарды енгізеді, жүйенің динамикасын және онсыз бөлшектердің беріктігі мен сенімділігін, тозу аймақтарын анықтау мүмкін емес кез-келген астаудан конвейер жақтауын бұрудың кернеулі деформацияланған күйін өзгертеді. Конвейердің бұрылмалы жүйелерге қатысты қозғалыстың көп денелі динамикасына негізделген мұндай есептерді есептеу әдістемелері жоқ, ал астаулар тобынан бұрылу аумагының болуы қыргыштардың соққысы әрекетінен жақтаудың жүктелу сипаттын күрт өзгертеді, бұл оларды есептеу және жобалау мүмкіншіліктерін айтартытай күрделендіреді. Сондықтан диссертация тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды.

Жұмыстың мақсаты: роботтандырылған режимдерде жұмыс істеу мүмкіншілігін, беріктігін және оның оңтайлы құрастырылуын қамтамасыз ету арқылы қыргыш конвейердің жаңа бұрылмалы топсалық жүйесін әзірлеу, үлгілеу және зерттеу.

Тарту органдың өзара әрекеттесетін астаулардың топсалы жүйесі және бұрылмалы қыргыш конвейердің жаңа конструкциясын имитациялық үлгілеу әдістемесі зерттеу нысаны болып табылады.

Жұмыстың тәжірибелі маңыздылығы:

- бұрылмалы конвейерді құрастырудың екі режимін әзірлеу және жүзеге асыру: бұрылмалы конвейерлерді жаппай өндіру және шагын өндіріс кезінде.

Бірінші жағдайда сзызықтық күйде және 8-9 мм астауларды 15°-қа бүйір беттің тік бұрышына 0,5 градустан аспайтын ауытқумен олардың қимасының бойымен және көлденең бұрганда технологиялық саңылаудың нөлдік олишемін қамтамасыз ету үшін тұтасымен толық астаудың тігіс беттерін білдектік өндіреу жүзеге асырылады.

Екінші жағдайда саңылау беттері жергілікті жерлерде өнделеді және тесіктердің көрсеткіштері бойынша болшектер толық емес өзара ауыстырымдылық әдісімен тоңтастырылады;

- көп өлшемді жіктелімдер, деректерді дайындау және сақтау, құрастыру сұлбалары, сенімділік пен деректер базасындағы құнын есептеуді қолдану арқылы конструктивті талдау әдістемесі;

- астаулардың жаңа тарту органдың бөліктерін құрастыруға сатылай қоскан кездегі заманауи тіркеу құрылғылары бар асинхронды және гидравликалық жетекті бүрылымы аймагында шағын және толық өлшемді бүрылмалы конвейерді стендтық және зауыттық сынау әдістемесі.

- жүргізілген зерттеу нәтижелері технологиялық машиналарды жобалаумен байланысты пәндер үшін ҚарТУ оқу үрдісінде де қолданылуда, сонымен қатар, диссертацияның ғылыми-тәжірибелік нәтижелерін енгізу «KazTechPro» ЖШС жүзеге асыратын келешек жобаларда қолдану жоспарлануда. Енгізу актісі бар.

Диссертацияда келтірілген ғылыми қағидалар, нәтижелер мен қорытындылар жеткілікті дәрежеде негізделген және сенімді, әдеби дереккөздердің кең талдау, ғылыми зерттеу мақсаттарын дұрыс анықтау, әзірленген ұсыныстарды практикалық қызметте пайдалану кезінде он нәтижелер алу, сондай-ақ негізгі ережелерді ашуқ баспасөзде жариялау арқылы расталады. Диссертация жазу барысында 1 Еуразиялық патент және Қазақстанның өнертабысқа 1 патенті алынды.

Ұсынылып түрған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы саланы қамтамасыз ету комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал оның авторы Асмағамбет Диана Кенижебайқызы 8D07101 «Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайык.

Ғылыми көзесші

т.ғ.д., доцент

«Әбылқас Сагынов атындағы Караганды

техникалық университеті» КеАК

«Технологиялық жабдықтар, машина жасау

және стандарттар» кафедрасының доценты



К.М. Бейсембаев

РАСТАЙМЫН
ПБД директоры

Карын